

Қамкоршылық кеңесінің хаттамасы №1

Күні: 05.09.2020 ж.

Күн тәртібінде:

1. 2020 – 2021 оку жылының басталуы (баяндамашы: Р.Есенгалиева).
2. Жалпыға бірдей мектептен әлеуметтік комек алатын оқушылар (баяндамашы: А.Ғалымжанова)
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жүзеге асыру шаралары (баяндамашы: П.Бисекенова).

Катысқандар: қамкоршылық кеңесінің мүшелері – 9

Мектеп директоры: Е.Қашаубай

Мектеп директорының орынбасарлары: 4

Бас есепші Э.Бактиярова, есепші М.Байманова

Тыңдалды:

Мектеп директоры – Е.Қашаубай күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырыды. Бірінші мәселе бойынша жаңа оку жылында дайындық бойынша мектептің ішкі жұмыстары жөндеуден өткізілді. Биылғы оку жылында мектеп оқушылары екі маусыммен оқытылады. Бірыңғай мектеп формасы сақталынады. Мектеп пен ата – ана байланысы күшейтіліп оқушылардың білім мен тәрбиені алуына ықпал жасау керектігі туралы айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы А.Ғалымжанова сөз алып, әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, жан басына шаққанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар, жетім, ата – ана қамкорлығынсыз қалған балалардың тізімін нақтылау, АӘК алатын отбасыларына тарату, жалпыға бірдей міндетті оку қорынан бөлінген қаржыдан тегін киімді тарату туралы айтты. Қашықтан оқытуға байланысты қайтарымсыз интернет роутермен 30 отбасы, 2 отбасы қайтарымды планшетпен қамтылды. Осы уақытқа дейін мектептен уақытша пайдалануға 51 отбасы компьютермен қамтамасыз етілді.

Соңғы мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бисекенова соз алды. 2019 – 2020 оку жылының басында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік бұйрық пен іс – шара жоспары жасақталып, мектеп директоры Е.Қашаубайға бекітілді. Ис – шара жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізіліп отырады. 2018 – 2019 оку жылында мектебімізде ешқандай сыбайлас жемқорлық фактісі анықталмады.

Мектебімізде сенім жәшігі, сенім телефоны жұмыс жасайды. Сағат бөлу мәселелерін бірлестік жетекшілері ұйымдастырып, ұсынды.

Шешім:

- 1.Бірінші мәселе бойынша ұнемі бақылауда болсын.
- 2.Жалпыға бірдей міндетті әлеуметтік комекті кажет ететін оқушыларға талапқа сай көмек берілсін.
- 3.Келесі отырыс желтоқсан айында откізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



Г.Ғалымжанова

А.Есенгелдіқызы

Ата – аналарға бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуы жөнінде есеп беру жиналысының хаттамасы

№12 Ф.Досымова атындағы орта мектеп бойынша ата – аналарға бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуы жөнінде есеп беру жиналысының хаттамасы

Күні: 04. 12.2020 ж.

Күн тәртібінде:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жүзеге асыру барысы (баяндамашы: П.Бисекенова).
- 2.Бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуы жөнінде есеп беру (баяндамашы: Е.Қашаубай).

Қатысқандар: қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 9

Мектеп директоры: Е.Қашаубай

Мектеп директорының орынбасарлары: 4

Бас есепші Э.Бактиярова, есепші М.Баймашова

Тындалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.Ғалымжанова кеңес мүшелері түгел болғандықтан жиынды ашық деп жариялады.

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бисекенова сөз алды – Құрметті ата – аналар, бүгінгі жиналысымыздың мақсаты Атырау облысы Білім беру басқармасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс – қимыл жоспарының» «Орта білім беру үйымдары басшыларының ата – аналар үжымының алдында, оның ішінде орта білім беру үйымдарын ұсташа үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуы жөнінде есеп беру кездесулерін өткізу» 29 тармағын орындау мақсатында жиналыс өткізгелі отырмыз. Әр тоқсан сайын мектепішілік ата – аналар жиналысы үйымдастырылып, мемлекет тарапынан мектепке бөлінген қаражаттың қайда жұмсалып жатқаны жайында есеп беріп отыратынызды білесіздер. Өз басым бұл іс – шара мектеп пен ата – аналар арасын жақындастып, білім беру мекемелерінің анықтығын қамтамасыз етеді деп ойлаймын.

Мектепте ақша жинауға тыым салу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 2018 жылдың 31 мамырдағы №309 бүйрүғы шығарылып «Сенім жәшігі» орналастырылған және 8778 124-10-59 нөмерлі «Сенім телефоны» қызмет етеді. «Сенім жәшігі» мен «Сенім

телефонына» келіп тұсken акпараттар мен өтініштерге жауапты комиссия құрылған.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры Е.Қашаубай сөз алды. Мектептің жылдық қаржы жоспарына сәйкес қаржы әрбіr ерекшелік бойынша мақсатты тиімді жұмсалып отыр. Одан өзге тұрмыстық қажеттілік 149 – ерекшелік бойынша қажеттіліктерге жұмсалды. Жыл басына 1 380 000 тг бөлінген. Оларға бірінші кезекте карантин жағдайында антисептик, маска, өзге де гигиеналық заттар алынды. Қазіргі таңда мектепте аталған заттардың 2 айлық қоры бар.

159 – ерекшелік бойынша мектепте жаздық ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. Атап айтатын болсақ мектебіміздің рәміздер бұрышы өзгерді. Мектептің акт залына перде жасалды. Сондай –ақ мектепке стендер және де баннерлер алынды. Өзге де мәліметтер слайдта көрсетілген.

414 – ерекшелік бойынша 1 жылға 3 900 000 тг қарастырылған. Оған мектеп парталарын жаңартуға өзге де материалдық жағдайларды жаңартуға жұмсалды. №2 кестеде көрсетілген.

Бас есепші Э.Бактиярова барлық жоспарланған заттар жыл сонына дейін алынатындығын айтты.

Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Г.Матаева мектептің 3 –қабатына әжетхана орнату жұмыстары жүргізіліп жатқандығын мәлімдеді.

Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.Ғалымжанова атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, мектептің акт залына отырғыштар алу керектігін ұсынды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Е.Тұсіпов мектептің спорт алаңы қашан бітетіндігін сұрады.

Мектеп директоры жыл сонына дейін бітетіндігін және бұны қаржыландыруши қалалық әкімдік екендігін айтты.


Осымен бүгінгі жиналысымыз да аяқталып келеді. Қорытындылай келе, әрбіr ата – ана баласы білім алатын мектептің мемлекет тарапынан қанша қаржы бөлінетінін біліп отыруы маңызды. Бұл қаржының тиімді жұмсалуы бәріміз үшін де маңызды мәселе. Сұрақтарыңыз болмаса жиналысты аяқтауға рұқсат етініздер.

Шешім:


1. Бірінші мәселе бойынша үнемі бақылауда болсын.
2. Бюджеттен бөлінген қаржы жұмсалуы тиісті деңгейде деп есептелсін.
3. Келесі отырыс наурыз айында өткізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



Г.Ғалымжанова



А.Есенгелдіқызы

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №3

Күні: 05.01.2020 жыл.

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: 9

Мектеп директоры: Е.Қашаубай

Мектеп директорының орынбасарлары: 4

Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары: Г.Матаева

Әлеуметтік педагог: А.Есенгелдіқызы

Күн тәртібінде:

1. I жарты жылдықтың қортындысы.
2. II жарты жылдыққа сабак кестесінің құрылуы.
3. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу жағдайы.

Тындалды:

Мектеп директоры Е.Қашаубай кеңес мүшелерімен амандасып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды және сөз кезегін директордың окутәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Есенгалиеваға берді.

Бірінші мәселе бойынша директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Р.Есенгалиева сөз алды: «Сәлеметсіздер ме кеңес мүшелері! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, I жарты жылдықты 1383 оқушы аяқтады. Оқушыларымыз олимпиадаларға қатысада. Спорттық жарыстардан да жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүрген ұстаздарымыз да, оқушыларымыз да бар. Мектебіміздің мерейі үшін бірігіп жұмыс жасаймыз және одан да жоғары нәтижелерге жететінімізге сенемін» - деп, сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Дюсембиеva сөз алды: «Қайырлы күн! II жарты жылдықтың сабак кестесінде айтарлықтай өзгерістер жоқ. Сабак уақыты 45 минут, I-ші және II-ші аудиосымның қонырау уақыты нақтыланды және мектеп дәлізіне ілінді. Мектеп мұғалімдері өзгерістермен таныстырылды» - деп, сөзін аяқтады.

Соңғы мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Есенгелдіқызы: «Сәлеметсіздер ме! Істық тамақтың берілу жағдайына тоқталатын болсам, беріліп отырған ыстық тамақтар ас мәзіріне сай. Күндегісін күнде тексеріп отырмын. Арнайы сынама алынады және бақылауға арналған арнайы тамақ үнемі үстел үстінде бөлек тұрады. Ас мәзірі мектеп директорына бекітіледі, әкімшіліктен құрылған кезекшілік қадағалайды. Әр сыннып өз уақытында келіп, тамақтанады. 5-11 сыныптарда оқитын әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасының балалары қонырау уақытында барып тамақтанады және арнайы журналға жазылады. Асхана қызметкерлері санитарлық талаптарды сактайды, барлығының санитарлық кітапшалары бар және талапқа сәйкес. Мектеп медбикесі бракераж журналын үнемі жүргізеді.

Шешім:

1. Сабак кестесінің құрылуы талапқа сәйкес болсын.
2. Ыстық тамақтың берілу жағдайы үнемі назарға алынын.

Кеңестің төрайымы

Хатшы



Г.Галымжанова


А.Есенгелдіқызы

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №4

Күні: 15.05.2021 жыл.

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: 9

Мектеп директоры: Е.Қашаубай

Мектеп директорының орынбасарлары: 5

Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары: Г.Матаева

Әлеуметтік педагог: А.Есенгелдіқызы

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оку жылында жасалған жұмыстардың қорытындысы.
2. Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың жазғы лагермен қамтамасыз етілуі.

Тыңдалды:

Жиынды кеңестің төрайымы Г.Галымжанова ашып, кеңес мүшелерімен амандастып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстыруды және сөз кезегін кеңес мүшесі М.Қайыржанға берді.

Бірінші мәселе бойынша сөз алған М.Қайыржан: «Қайырлы күн кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігі! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, еліміздегі пандемия жағдайына байланысты біраз жұмыстар өз мақсатына жете алмады. Оқушылардың жартысы дәстүрлі форматта, жартысы қашықтықтан білім алды. Десек те, қашықтықтан жұмыстар атқарылды. Кезекші сыныптар ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Берілген тағамдардың ас мәзіріне сәйкес, сапалы, әрі құнарлы екендігіне көзімізді жеткіздік. Асхана тазалығы, мектептің санитарлық талапқа сай екендігін көрдік» - деп, сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Есенгелдіқызы сөз алды: «Қайырлы күн! Мектепішілік лагерь маусым айының басында ашылады. Онда 30 оқушы қамтамасыз етілетін болады. Оқушылар таңертең сағат 08:30-да келіп, кешке 18:00-де үйіне қайтатын болады. Таңғы ас, түскі ас берілетін болады. Түскі астан кейін демалады. Оқушылардың уақыттарын тиімді пайдалану үшін барлық жағдайлар жасалатын болады. Жандарында әрдайым тәрбиешілер болады. Қала сыртындағы лагерьлер алдағы уақытта белгілі болады» - деп, сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар жазғы лагермен қамтамасыз етілсін.

Кеңестің төрайымы

Хатшы

Г.Галымжанова

А.Есенгелдіқызы